

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Қуралай» балабақшасы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.02 - 23.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Уалиева Дария

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Гигиеналық дағдыларды сақтай отырып, балалардың сумен жұмыс істеу іскерліктерін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және үқыпты етіп	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын

және басқалар)	жетілдіру (жендерін түріп, сулау және матаны сыйғу, қажет болса шаю және жуу).	майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.	орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау.	шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сұрту.	көмектерді көрсету, көмектесуге деген үмтىлесті және басқалардың жұмысына құрметпен қарау.
	"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары.	Құрылым ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Күштешек арналған спорт алаңы". (құрастыру) "Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.	"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. "Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).				

	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталаңады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталаңады).</p> <p>3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene бос, қол төменде.</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дene бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталаңады).</p> <p>(дene шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сұртемін. Тап-таза, көнілді бол, Мен үнемі жүремін.</p>

	Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағzasына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көгөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту)	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөлениуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылұлыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова- Шагирова А. (сөйлеуді дамыту)	"Спортшыл отбасы" тақырыбында илюстрациялық суреттерді қарастыру.	"Денсаулық" тақырыбында мақал-мәтеддер жаттау.	"Отбасында кім қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойны.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Салауатты өмір". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру.	Дене шынықтыру "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру.	Музыка "Қыс әні" Балалардың шулы әннің сипаты мен тәмен және жоғары дыбыстарды ажыратада білу қабілетін дамыту; музикадағы ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Қазақ тілі «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар агады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті				

	тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Қарғаны бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін көнегейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдепу; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары)</p>	<p>Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қытайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары)</p>	<p>Ұлпақарларды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды қардан тазарту). (еңбек дағдылары)</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (барлығы бірге ұйымдастып жолды қардан тазартуға үрету).</p>	<p>Қыстап жатқан құстарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: қытайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың позитивті қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян".</p>	<p>Балабақша аланындағы өзгерістерді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үрету.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (барлығы бірге ұйымдастып жолды қардан тазартуға үрету).</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян".</p>

	<p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қаргалар". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машиқтандыру.</p>	<p>сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дene шынықтыру)</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жетілдіру, женілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.</p>	<p>заттарды бұзып алмай, қарғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам эрекет ете білуге үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>"Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,</p> <p>жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.</p>
--	---	--	---	---

Серуеннең оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауга үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынганинан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сұртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін.</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Түскі үйқы	Балалардың тыныш үйінштегі түсініктерге жақындауды туғызу.
Біртіндеп үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды қүнге жылытайық".</p> <p>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.</p> <p>"Аяқтарынды жасыр" жаттығуы.</p> <p>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарынды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.</p> <p>Кереуеттерінің жандарынан жүргүзілік.</p> <p>Алтын айдарлы әтеш,</p>

	<p>Адымдал келе жатыр. Балапандарын қуып, Қораға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.</p> <p>Шынықтыру іс-шаралары. Дымқыл шүберекпен сұртіну, ысқылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.</p>
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарая және басқалар)	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Доп" тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсат-міндеттер. Балаларды доп туралы тақпак мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту. "Аурұхана"</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Текшелер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сзызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшени салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сзызықтардың үстінгі және тәменәңгі үштарын көлденең түзу сзызықпен қосуға</p> <p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Жиналған ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенін бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға сәл алшақ орналасқан тік сзызықтардың үстінгі және тәменәңгі үштарын көлденең түзу сзызықпен қосуға</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Спортшылар бәріміз" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі тен не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды он (сол) қолымен алып, жолақтың сол</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Кім күшті?" Мақсат-міндеттер. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзак шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқияттындауға үйрету.</p> <p>Вариатив компонент/Әлеумет «Біз серуенге шықтық »</p>

	<p>сюжетті-рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>үйрету.</p> <p>Ұлттық ойын "Соқыр теке"</p> <p>Балалар дәңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,</p> <p>Қайда кеткен құлыншақ. Соқыр теке бақ-бақ,</p> <p>Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	<p>бекіту.</p> <p>Тақпақ жаттау</p> <p>Қымыз</p> <p>Женгем бие сауды, Ағам саба піседі.</p> <p>«Денсаулыққа дауалы»,</p> <p>Деп ұлкендер іshedі.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қөркем әдебиет)</p>	<p>жағынан бастап, он жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойны:</p> <p>"Тазалықты сақтайық".</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Мақсаты: Карама-қарсы әсерлерді айыра білу (киініп-шешіну, ағытып-тағу, ішінде-сыртында, байла-шеш) –деген сөздер арқылы сөздік қорларын дамыту.</p>
--	--	---	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер". Сәбізді алып тазалаймыз (он қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ыскылайды). Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды). Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусактардың ұшымен қант себеді). Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). (сөйлеуді дамыту,	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әнгіме құрастыруға балаларды машиқтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен білдіретін, заттарды жалпы денсаулық және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусактарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. (сөйлеуді дамыту)	Тақпақ айту Біз осылай өсеміз Суда жүзіп өсеміз, Қырда жүріп өсеміз. Күнде қызып өсеміз, Құмда шыжып өсеміз. Таулар көріп өсеміз, Баулар егіп өсеміз. Жеміс теріп өсеміз, Женіскең боп өсеміз. Талаптанып өсеміз, Қанаттанып өсеміз, Талаптанып, қанаттанып өсеміз! М.Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Суреттер қарастыру. "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.
------------------------------	---	--	---	--	--

	дене шынықтыру)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тұсқі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алады, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті оыйндары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарая және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпактар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталарап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің карапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу ұлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттан айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталарап айтуда баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратада білуді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қымылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге</p>				

	<p>аяқтау.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызыл, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырган құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұктеу, катпарлау) қолдану.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>Кеңес.</p> <p>"Спортпен шұғылданудың маңызы".</p>	<p>Тәрбиеленушілердің ата-аналарын мектепке дейінгі жастағы балалардың үйде және балабақша жағдайында денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін негізгі факторлармен таныстыру.</p>	<p>"Жеке бас гигиенасының басты ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстай керекпіз?"</p> <p>тақырыптарында әңгіме жүргізу.</p>	<p>Кеңес.</p> <p>"Тез тамақтанудың зияны".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес.</p> <p>"Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".</p>

Тексерген әдіскер

Конопьянова А.К.